

2. Time.. 04.08.2003. <http://www.ebiblioteka.ru/browse/doc/19110523>. Е. КАТАСОНОВА. Япония: «Культурная глобализация или глокализация?»

3. Allen M., Sakamoto R. Popular Culture. Globalization and Japan. New York, 2007, 12-67 (<http://www.uow.edu.au/arts/histpol/staff/UOW066478.html>)

4. Koichi, Iwabuchi. Resentering Globalization. Tokyo, 2002, p. 2.)

5. <http://www.japanchoweb.jp/category/society-culture>. The Post-Bubble City and Japan's New Wave of International Design.

6. Elger, Tony and Smith, Chris. Global Japanization?The Transnational Transformation of the Labour Process. L., 1994, 31-59 б.б (http://www.booku.com/Global-Japanization/Tony-ElgerChris-Smith/ebook_557177.htm)

7. <http://www.businessweek.com/chapter/katz.htm> www.knogg.net Richard Katz, Japan: The System That Soured.

8. Tamamura Toyoo. Kaiten sushi sekai issuu. Tokyo, 2000 (<https://dspace.library.uvic.ca:8443/bitstream/handle/1828/1311/Rumiko%20Tachibana%20MA%20Thesis.pdf;jsessionid=2FBB8E6E5DC57120C0FEFFBB8E116024?sequence=1>)

9. Harumi, Befu. Globalization from Botton Up:Japan's Contribution. – Japanese Studies. 2003, vol.23, №1., 9-б (<http://www.informaworld.com/smpp/content~db=all~content=a713683855>)

10. www.makkawaty.livejournal.com Межкорейская и внешняя политика

11. Чугров С. С. Социокультурная традиция и внешне-

политический менталитет современной Японии. М.: МГИМО, 2007. - 338-б.

12. Masakadzu, Kubo. Why Pokemon was successful in America? – Japan Echo. 2000, vol.27, №2., 78-87 бб. (http://www.comeredangel.com/amwess/papers/Why_pokemon.txt)

13. Мендес Р. Фукусимский кризис затягивается. <http://www.inopressa.ru/article/18apr2011/elpais/fukushima.html>

14. Жуков Б. Японский автопром вооружается дозиметрами. <http://91.149.145.37/article/78963>

В статье рассматривается новый инструмент японской внешней культурной политики – «мягкая сила» в контексте нового центра мировой масс-культуры. Говорится о том, что данную политику власти Японии осуществляют с помощью распространения японского языка, японской культуры и японского образа мышления. Так же рассматривается возможность появления нового явления глобальной культуры – японизации.

The article discussed a new tool of Japanese foreign cultural policy - the "soft power" in the context of the new center of global mass culture. The policy of the Japanese government carried out through the distribution of the Japanese language, Japanese culture and Japanese way of thinking. Also the article touches upon «japanization» as the possibility of the emergence of a new phenomenon of global culture.

Г. С. Байкушикова

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЭКОЛОГИЗАЦИЯЛАНУЫ

Ғаламдық экологиялық мәселелерді бір ғана мемлекеттің күшімен шешу мүмкін еместігі мемлекеттердің сыртқы саясатының басымдықтарын қайта қарауға және халықаралық қатынастардың экологизациясына әрекет етті. Көптеген елдердің үкіметтік шараларында ресурстарды сақтау және бәсекеге сай экологиялық таза тауарларды өндіру шаралары орын алды. Экологиялық саясат әрбір мемлекет қызметінің құрылымы жағынан рәсімделген, қажет бағыт бола бастады.

Халықаралық экологиялық ынтымақтастыққа қатысу елдің қауіпсіздігін нығайтудағы қажетті элемент ретінде қарастырылады. Сонымен қатар бұл мемлекеттің халықаралық саяси беделіне байланысты, мемлекеттің ғаламдық өзгерістерге жылдам әрі адекватты түрде төтеп беру мүмкіндігінің көрінісі.

Халықаралық қатынастарда экологиялық аспектінің жеке тақырып ретінде пайда болуы ХХ ғасырдың 40-50 жылдарына жатады. Қор-

шаған ортаны қорғау мәселесі ертеде мемлекет аралық байланыстарда нақты орынға ие болғанымен, олар, көбінесе, әскери қақтығыстар мен экономикалық ынтымақтастық мәселелерімен байланысты болды. Әдетте, олар аймақтықтан тыс шықпай, халықаралық қатынастардың басқа бағыттарымен әлсіз байланыста болды. Жағдай толығымен Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін өзгерді. Қоғамның дамуы, демографиялық жарылыс, табиғатқа қысымның ұлғаюы аталған сұрақтарға мемлекеттер тарапынан көңіл аударуға себеп болды. Ғаламдық экологизациялану үдерісінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз еткен қажетті тірек БҰҰ болды. Ол уақыт өте келе «қоршаған ортаны қорғау саласында халықаралық қызметті ұйымдастыру бойынша әлемдік форумға» айналды. Оның ең алғашқы экологиялық акциясы 1949 жылы орын алып, Лейк-Саксесте (АҚШ) табиғатты қорғау бойынша халықаралық ғылыми-техникалық конференция ретінде көрініс тапқан.

Халықаралық қатынастардың экологизациялану үдерісі – бұл тарихтың объективті желісімен туындаған қажеттілік. 80-жылдары халықаралық қатынастардың кешенді экологизациялану үдерісі кең дами бастады. Маңызды ғаламдық экологиялық проблемалар: климаттың жылынуы, шөлейттену, озон қабатының бұзылуы, әлемдік мұхиттың ластануы, жануарлардың сирек кездесетін түрлерінің жоғалуы мәселелерін бір мемлекеттің немесе мемлекеттер топтарының күшімен шешу мүмкін емес болды. Әлемдік экологиялық апаттың алдын алу үшін қазіргі халықаралық қатынастардың барлық қатысушылары арасында кең ынтымақтасу қажет болып отыр. Бұған тарихи жағдайлар тек соңғы он жылдықта ғана мүмкін болды. Қақтығыс кезеңінің және қоғамдық-экономикалық жүйелер арасында бәсекелестіктің аяқталуы мемлекеттердің маңызды ғаламдық мәселелерге, әсіресе экология мәселелеріне көңіл бөлуіне алып келді. Бұл мәселе алғаш рет мемлекет басшылары және үкіметтік деңгейлерде талқылана бастады. Ғалымдар әлемнің ғаламдық экологизациялану үдерісінің жаңа кезеңі туралы айта бастады. Ғаламдық экологизациялану үдерісінің пайда болуы және дамуы бұл мәселенің ғаламдық апат сипаты бар екендігін ескере отырып, қазіргі және болашақ ұрпақ үшін кейінге қалдырмайтын қажеттілік екендігін түсінуіміз керек. Ол жаңа құрамдас бөліктермен (ядролық қалдықтардың және оларды көму қаупі; атмосфералық ортаның бұзылуының ұлғаюы себебінен климаттың жағымсыз өзгеруі) толып, барлық елдер мен территорияларды қамтып отыр. Қазіргі кездегі экологиялық жағдайдың кейбір сандық көрсеткіштері бастапқы кезеңнің көрсеткіштерімен тең келерлік емес. Қазіргі таңда игерілген жерлердің $\frac{1}{4}$ және ормандардың $\frac{2}{3}$ бөлігі жойылған. Мамандардың айтуынша, өндірістік қалдықтардың көлемі соңғы 30 жылда 2,5 есе өсіп, 10 млрд т. жетуі мүмкін. Осы уақыт аралығында судың ластануы да 10 есе өсуде. Атмосферада көмірқышқыл газының жинақталуы, парниктік эффектіннің, озон қабатының жұқаруы нәтижесінде климаттың өзгеруі адамдардың өмірі, денсаулығы, табиғи шаруашылығына кері әсер етіп, сұрапыл апаттарға алып келуі мүмкін. Болжамдар бойынша жер бетіндегі орташа жылдық температура ХХІ ғасырдың ортасында 1,5-4,5 С° көтерілуі мүмкін.

Атап айтатын болсақ, экологиялық қауіптер көп, бірақ осы келтірген мысалдарға қарап-ақ экологиялық мәселелердің қазіргі және болашақ өркениет үшін маңыздылығы айқын көрініп тұр,

сонымен қатар осы экологиялық мәселелерді шешу немесе олардың кері әсерін азайтудың өзі де үлкен көлемдегі шараларды қажет ететіндігі де айдан анық. Бұған ұлттық және халықаралық шығындар қажет. Соңғы жылдары қоршаған ортаны қорғауға мемлекеттік жылдық шығындар өсіп келеді. Соған қарамастан, негізгі экологиялық кері көрсеткіштердің көлемі шығындарға қарағанда әлдеқайда жоғары болып тұр.

Экологиялық аспектілердің халықаралық қатынастарға әсерінің жылдам өсуі таңғаларлық жайт емес. Оны келесі тұжырымдардан көруге болады: *біріншіден*, мемлекеттер қоршаған ортаны қорғау мәселесіне ішкі және сыртқы саясатында үлкен көңіл аударуда. Атап айтсақ: халықаралық ұйымдар құрылуда, мемлекеттер арасында экологиялық салада қатынастарды реттейтін халықаралық конвенцияларға қол қойылуда. Сонымен қатар олардың саны жылдан-жылға өсуде. Ұлттық заңнамада қоршаған ортаны ластанудан қорғауға бағытталған нормативті-құқықтық актілер саны көбеюде.

Екіншіден, экологиялық қауіпсіздік мәселелері қазіргі кездегі әрбір мемлекеттің ұлттық қауіпсіздік стратегияларының ажырамас бөлігі болып отыр. Қоршаған ортаны қорғауға көңіл аударуды және қаржылық шығындарды талап ететін жаңа алаң атауға болады.

Сонымен қатар қазіргі таңда экологиялық проблематика БҰҰ-дан басқа Еуропа Кеңесі, ЕҚЫҰ, Еуропалық Одақ сияқты беделді аймақтық ұйымдардың мүдделер саласына енді.

Осылайша, әлемдік қауымдастықтың табиғат қорғау жағдайына алаңдауының маңызды нәтижелерінің бірі қоғамдық өмірдің барлық тараптарының экологизациялануы болды. Ал халықаралық қатынастар саласында бұл көрініс, ең алдымен, мемлекеттер арасында қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша ынтымақтастықтың дамуында айқындалып отыр.

Экология саласында халықаралық интеграция мәселесіне келер болсақ, қоршаған ортаны қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықтың дамуын бірнеше кезеңдерге бөліп қарауға болады:

Бірінші кезеңі – ХХ ғасырдың 60-70 жылдары. Бұл кезең халықаралық табиғатты қорғау ынтымақтастық жүйесінің қалыптасуымен сипатталады.

Екінші кезең – ХХ ғасырдың 80-90 жылдары, тұрақты даму тұжырымдамасын құру және жүзеге асырудың бастапқы кезеңі десек болады.

Үшінші кезең – 1995 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін. Бұл кезеңнің ерекшелігі тұрақты

дамуды жүзеге асыру және мемлекеттердің халықаралық табиғатты қорғау қызметтерінің ынтымақтастығымен байланысты болып отыр.

Халықаралық қатынастардың экологизациялану үдерісіндегі бірінші кезеңнің маңызды оқиғасының бірі 1972 жылы БҰҰ-ның қоршаған орта мәселелері бойынша Стокгольмде өткен конференциясын айтуға болады. Конференция жұмысына 113 мемлекеттің өкілдері қатысты. Сонымен қатар Стокгольмге БҰҰ-ның 13 арнайы бөлімшесі және көптеген басқа да халықаралық үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдар өз өкілдерін жіберді. Осы Стокгольм конференциясында көптеген экологиялық мәселелердің ғаламдық деңгейде шешілуіне тепе-теңді және кешенді түрде қарауына негіз салынған болатын. Швед астанасында қоршаған орта бойынша бір шешімге келу халықаралық ұйымдардың экологиялық қызметіне жаңа параметрлерді міндеттеп, халықаралық табиғатты қорғау ынтымақтастығына үлкен түрткі болды. Онымен қоса конференция бұған дейін ұлттық мүдделерінде қоршаған ортаны қорғау мәселесі болмаған көптеген мемлекеттердің ішкі саясатына да өз әсерін тигізді. Стокгольмнен кейін жаппай мемлекеттік экологиялық бағдарламалар құрастырылды, сонымен қатар оларды жүзеге асыру механизмдері енгізіле бастады.

Конференцияның нәтижесінде адамды қоршаған орта туралы Декларация қабылданды [1]. Осы құжатпен белгіленілген принциптер алғашқы болып халықаралық табиғатты қорғау қызметінде «жұмсақ заңдар» жинағы ретінде қалыптасты. Сондықтан болар қазіргі таңда бұл құжат сол кездері қол қойған мемлекеттер үшін міндетті заңды күшіне ие болмаса да, халықаралық қоршаған орта құқығының қайнар көзі ретінде қарастырылады. Стокгольм декларациясының шарттары қандай түрде болсын кейіннен көптеген халықаралық табиғатты қорғау конвенцияларында, халықаралық ұйымдардың және конференциялардың шешімдерінде өз көрінісін тапты. Декларациямен қоса, Стокгольм конференциясының қатысушылары қоршаған ортаға қатысты халықаралық ынтымақтастықтың әртүрлі аспектілері бойынша 109 ұсынысы бар «Шаралар жоспарын» мақұлдаған болатын. Жоспарда бар ұсыныс негізінде БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 1972 жылы ЮНЕП – БҰҰ-ның қоршаған орта бойынша бағдарламасын құрған болатын. Ол қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттердің ынтымақтастығын үйлестіруші халықаралық орган болды. ЮНЕП құрылғаннан бері мемлекеттерді өз сыртқы саясатында

экологиялық аспектіге үлкен көңіл аударуына итермелейтін шынайы қозғаушы күш пайда болғанын айта кеткен жөн. Одан кейінгі маңызы жағынан жоғары емес конференцияларда қатысушылар бірыңғай тиімді қаржы орталығын құру қажеттілігін атап өткен болатын. Сондай Орталық 1991 жылы құрылды, ол - Ғаламдық Экологиялық Қор. Ол қоршаған ортаны қорғаудың төрт саласында салмақты жобаларды жүзеге асыруға қаржы бөледі, олар: климаттың өзгеруі, биологиялық әртүрліліктің жоғалауы, халықаралық сулардың ластануы және озон қабатының жұқаруы. 1992 жылдан бері Ғаламдық Экологиялық Қор қолдайтын шараларға міндетті түрде 2 млрд долл. жұмсалған болатын. Бірақ сол кездегі ғаламдық қажеттіліктермен және ғаламдық қауіптермен салыстырғанда бұл ғаламдық қолдау көлемі өте аз еді. Ендігі таңда ресурсының көлемі жағынан біршама жоғары және Ғаламдық Экологиялық Қорға қарағанда кең айрықша құзыретке ие бүкіләлемдік экологиялық ұйым қажет болып отыр.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықтың осы кезеңінің негізгі қол жеткізген жетістігі ғаламдық мәселелерді бірігіп шешу басымдылығын мойындау болды. Бірақ негізгі күштердің барлығы экологиялық жағдайдың нашарлауының себептерін жоюға емес, салдарларынан арылуға бағытталған еді. Көптеген қабылданған құжаттар біршама экономикалық шығындар себебінен қажетті оң нәтиже бермеді.

Стокгольм конференциясына жиырма жыл өткеннен кейін 1992 жылы маусымда Рио-де-Жанейрода БҰҰ-ның қоршаған орта және даму бойынша конференциясы болды. Бразилияда өткен Форумға 179 мемлекеттен барлығын қосқанда 8 мың делегат қатысты. Сонымен қатар оның жұмысына халықаралық және халықаралық емес ұйымдардан 3 мың өкіл қатысты. Рио-де-Жанейрода жиналған жоғары шендегі шенеуніктер мен қоғам өкілдерінің экологиялық мәселелерді шешудегі мәні «Біздің соңғы мүмкіндігіміз ғаламшарды сақтап қалу» деген ұранда көрінісін тапты. Конференция жұмысының нәтижелерінің бірі Қоршаған орта және даму бойынша декларацияның және «XXI ғасырдың күн тәртібі» атты амбициозды әрекет бағдарламасының қабылдануы болды. Декларация алдындағы Стокгольмнің жағдайларына ұқсас 27 принциптен тұрады.

Онымен қоса декларацияда әлемде 80-жылдары болған өзгерістер өз көрінісін тапты. Декларацияда қызылды-жасылмен тұжырымдық негізі 1987 жылы Қоршаған орта мен даму

бойынша Ғаламдық комиссияның баяндамасында негізі салынған «Тұрақты даму идеясы» жазылған. Тұжырымдаманың мағынасын ашатын Декларацияның 3 принципіне сәйкес «Дамуға деген құқық даму және қоршаған орта салаларында қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыра алатындай жүзеге асырылуы керек» [2]. Сонымен қатар Декларацияда халықаралық ынтымақтастықтың жаңа үлгісі – «Жер экокүйесінің біртұтастығын және тазалығын қалпына келтіру және қорғау мақсатында ғаламдық серіктестіктің» (7-ші принцип) жалпы контурларын анықтауға талпыныс жасалынды.

«XXI ғасырдың күн тәртібі» - бұл XXI ғасырда бүкіләлемдік тұрақты дамуға қол жеткізу үшін болашаққа инвестициялауға жаңа бағыттарды талап ететін жаппай жете әрекет бағдарламасы. XXI ғасырдың күн тәртібінің ұсыныстары білім саласындағы жаңа әдістерден басталып, табиғатты қорғауға жаңа әдістерге және тұрақты экономикалық стратегияны құруға қатысудың жаңа жолдарына дейінгі кең көлемдегі мәселелерді қамтиды. XXI ғасырдың күн тәртібінің рухы өзінің кең көлемділігімен таңғалдырды, себебі аз да, көп те емес, қауіпсіз және әділетті, тірі жанның барлығы өзіндік құндылыққа ие әлемге қол жеткізу міндеті қойылған еді.

Рио-де-Жанейрода сонымен қатар қол қоюға екі маңызды ғаламдық келісім ашық болды: Климаттың өзгеруі бойынша рамалық конвенция және Биологиялық әртүрлілік туралы конвенция.

Бұл Конвенциялар атмосфера құрамында парниктік газды тұрақтандыру және ғаламның генетикалық ресурстарын тұрақты пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған. Екі құжат та маңызы жағынан жоғары болғанымен, тек осы салалардағы ынтымақтастықтың дамуы мен құқықтық реттелуінің ітетасын ғана құрайды. Конвенцияларда белгіленген мақсаттарды жүзеге асыру үшін Рио-де-Жанейрода өзіне алған міндеттерді нақтылай отырып, мемлекеттер ұлттық жоспарлар құрулары қажет, сәйкес заңдар қабылдаулары және халықаралық келісім шарттарға қол қоюлары қажет деп болжамдалған. Бұл міндеттерді жүзеге асыру ресурстарды ұлттық және халықаралық деңгейлерде жұмылдыруды талап етеді. 1997 жылдың желтоқсанында Киотода БҰҰ басшылығымен 159 мемлекеттің қатысуымен өткен халықаралық конференция осы мәселеге арналған еді. Маңызды экологиялық мәселелерді шешу үшін жеке мемлекеттердің қаражаттарын,

ресурстарын тарту бойынша практикалық шаралар мен ұсыныстар талқыланды. Осы мақсаттарға мемлекеттер тобында (атап айтсақ Еуропалық Одақ елдерінде) және жеке-жеке мемлекеттерде бөлінетін қаражат деңгейі анықталды. Сонымен қатар осы конференцияда қабылданған «Киото хаттамасы» жеке-жеке мемлекеттер үшін көмір қышқыл газын шығару шектерін бекіту арқылы жылыну эффектісін төмендету бойынша шараларды қарастырған болатын. Осы шектерді ұстана білген мемлекеттер, осы шектерден асып кетіп жатқан мемлекеттерге өз квоталарының бөліктерін сатуына болатын еді.

Осылайша, қоршаған ортаға кері әсерді шектейтін халықаралық экономикалық механизмнің негізі қаланған еді. «Киото хаттамасына» 40 мемлекет қол қойған, бірақ солардың барлығы ратификацияламады. Қазақстан Республикасы Киото хаттамасын 2009 жылдың ақпан айының соңында ратификациялады. Тараптардың Киото келісіміне қатысудан бас тартуы климаттың өзгеруін қақбайлау бойынша пайда тек ұзақ мерзімді болашақта ғана күтіледі, ал шығындар тез арада сезіле бастайды дегенмен түсіндіріліп отыр. Келесі дәйектеме - ол ғылыми белгісіздік. Қазіргі таңға дейін әлі де толығымен ғаламдық жылыну болып жатыр ма, қаншалықты ол антропогендік әсерге байланысты болып отырғандығы жөнінде біртұтас пікір жоқ. Осыған орай салдарының көлемі әлі де толығымен белгілі емес мәселені шешуге экономикалық шығындар қаншалықты ақталады деген сұрақ та туындауы мүмкін [3]. Десек те, осыған қарамастан әлемдік қауымдастық қазіргі заманғы маңызды ғаламдық мәселелердің бірімен біртіндеп және үйлесімді түде күресуге дайын.

Рио-де-Жанейродағы саммиттен кейін 10 жыл өткеннен 2002 жылдың 26 тамызынан қыркүйектің 4-іне дейін Йоханнесбургте тұрақты даму бойынша тағы бір Бүкіләлемдік саммит өтеді. Саммиттің мақсаты Рио-де-Жанейро саммитінде қабылданған XXI ғасыр күн тәртібі және басқа да қорытынды құжаттардың жүзеге асырылу жағдайын сараптау, сонымен қатар келісімдерді жүзеге асыру бойынша ендігі шараларды белгілеу, жаңа міндеттерді орындау және жаңа мүмкіндіктерді жүзеге асыру болды.

Саммиттің негізгі қорытынды құжаттарының бірі Йоханнесбург тұрақты даму декларациясында қатысушылар «қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік және экономикалық даму Рио-де-Жанейро құжаттарының принциптеріне негізделген тұрақты даму үшін маңызы зор»

екендігін мойындады. Бұл дегеніміз Риода негізгі тақырып болған қоршаған орта мәселесімен қоса Йоханнесбургтің күн тәртібінде әлеуметтік және экономикалық қажеттіліктер мәселелері маңызды болды. Саммиттің қатысушылары бес басты мәселеге көңіл аударды: сумен қамтамасыз ету және санитарлық жағдайлармен қамтамасыз ету; энергетика; денсаулық сақтау; ауыл шаруашылығы және биоәртүрлілік (WENAB – Water, Energy, Health, Agriculture, Biodiversity).

Йоханнесбург саммитінің негізгі қорытындылары келесідей болды: 1) халықаралық күн тәртібінде тұрақты дамудың маңызды рөлін растау, сонымен қоса басты көңіл кедейшілік пен қоршаған ортаға бөлінеді; 2) кедейшілік, қоршаған орта және табиғи ресурстарды пайдалану арасындағы өзара байланыстар анықталды; 3) үкіметтер тұрақты даму принциптерін жүзеге асыруды тиімдету бойынша кең ауқымды жауапкершілік пен міндеттерді қабылдады; 4) энергетика және санитарлық жағдайларды қамтамасыз ету мәселелері келіссөздер мен қорытынды құжаттардың негізгі элементтері болды; 5) тараптар кедейшілікті жою бойынша Бүкіләлемдік ниеттестік қорын құруды мақұлдады; 6) Африка және Африканы дамыту мақсатында Жаңа серіктестік мәселелері ерекше көңіл аударуды және халықаралық қауымдастық тарапынан қолдауды талап ететін мәселелер болып бекітілді; 7) саммит конференцияның қорытындыларын жүзеге асыруда азаматтық қоғамның маңызды рөлін және серіктестік бастамаларды құруға әрекеттесу керектігін мойындады (8 мыңнан астам азаматтық қоғам өкілдері саммитке қатысты); 8) үкіметтер, іскерлік орта және азаматтық қоғам арасындағы серіктестік концепциясы басым мақсатты болды [4].

Саммитте келесі міндеттер басым мақсатты болды: 1) кедейшілікті түбімен жою, тұтыну мен өндіру үлгілерін, сонымен қатар табиғи ресурстарды басқару үлгілерін өзгерту; 2) қоғамның бай және кедей болып жіктелуін жою; 3) ғаламдық қоршаған ортаның нашар жағдайы мәселесін шешу (шөлейттену мәселелері; биоәртүрліліктің жоғалуы; климаттың өзгеруінің салдарлары, су мен ауаның ластануы және тағы басқалары); 4) ғаламданудың игіліктері мен шығындарының тең емес бөлінуі мәселесін шешу; 5) халықтың кедей бөлігінің олардың өкілдері мен демократиялық жүйелерге сенімдерінің төмендігі мәселесін шешу.

Осы жоғарыда айтылған Конференцияның қорытындылары мен міндеттері 30-дан астам

мақсаттары бар жүзеге асыру Жоспары түрінде, сонымен қоса үкіметтер мен олардың серіктестеріне кең ауқымды мәселелерді шешу үшін (2015 жылға дейін таза суға немесе қажетті санитарлық жағдайларға қолдары жетпейтін халық санын екі есе төмендету, 2010 жылға дейін биоәртүрлілікті жоғалту көлемін қысқарту, қайта қалпына келетін энергияны пайдалану көлемін ұлғайту және тағы басқалары) әрекеттерді белсендету бойынша уақыт шектері бекітілді.

Егер қорытындылап, Йоханнесбург саммитіне баға беретін болсақ, оң және теріс нәтижелер туралы айтуға болады. Бірақ саммиттің нәтижелеріне толық түрде аз уақыт аралығында баға беру мүмкін емес. Оның жұмысының тиімділігі жеке, жергілікті және халықаралық деңгейлерде уақыт өте келе байқалауда.

Сонымен қатар ғаламдық экологиялық ынтымақтастық саласындағы маңызды оқиғалардың бірі - 2009 жылдың 7-18 желтоқсан аралығында Копенгагенде өткен БҰҰ-ның климаттың өзгеруі жөніндегі конвенциясының аясындағы тараптардың 15-ші конференциясы, немесе БҰҰ-ның климаттың ғаламдық өзгеруі мәселесі бойынша конференциясы.

Саммиттің басты мақсатының бірі 2012 жылы әрекет ету мерзімі аяқталатын Киото хаттамасының орнын басатын жаңа келісімге қол қою еді.

Копенгаген саммиті халықаралық климаттық үдерісте маңызды кезең болды. Копенгагенге 119 елдің мемлекет және үкімет басшыларының жиналуының өзі айтарлықтай жайт. Әрине, конференцияның қорытындылары үлкен нәтиже әкелмеді. Конференцияның қорытынды кезеңінде оқиғалар желісінің драмалық сипатқа ие болуы, ресми шешім түрінде кездесудің негізгі саяси қорытындысы «Копенгаген келісімін» бекітуге мүмкіндік бермеді.

Бұл кездесуде дамушы мемлекеттерге тасандыларды қысқартуда оларға қаржылай көмек көрсетіледі деген шарттармен дамыған елдермен пара-пар міндеттерді алуға қатысты басты қарама-қайшылықтарды шешу мүмкін болмады.

Ұзақ пікірталастар, талқылаулардан кейін саммиттің қатысушы мемлекеттері Копенгаген келісімін қабылдады, соның арқасында конференция толығымен сәтсіз деп танылмады. БҰҰ-ның Бас Хатшысы Пан Ги Мун «Копенгаген келісімі парниктік газдардың тасандыларын шектейтін және төмендететін, осалдардың бейімділігін қолдайтын және экологиялық тұрақты дамудың жаңа дәуірін бекітуге көмектесетін бірінші ғаламдық келісімге қол

жеткізудегі келіссөздердегі маңызды кадам» екендігін атап көрсетті [5].

Келісімде парниктік газдардың тастандыларын төмендетуге қол жеткізу үшін тараптар мүмкін болғанынша жақын арада ынтымақтасуы қажеттілігі айтылған; дамыған мемлекеттер дамушы мемлекеттерге қаражат бөлегіндігі, яғни 2010-2012 жылдарға 30 млрд доллар, ал 2020 жылға дейін көмек көлемі 100 млрд долларға жетіндігі айтылған; 1 қосымша елдері (дамыған елдер) тастандыларды өздерінің өтініштеріне сәйкес қысқарта береді делінген, 2020 жылға дейін температураның жоғарылауын 2 C° төңірегінде ұстап тұруға уәде берді; жаңа климаттық келісімге заңи құралдарды құру міндеттері туралы айтылған [6].

Ресейлік ғалым, Бүкіләлемдік Метеорология ұйымының президенті А.И.Бедрицкийдің пікірінше, қазіргі таңдағы алғашқы саяси міндеттердің бірі «Копенгаген келісімін» жақтауда күштерді жұмылдыру болып табылады. Бұл үшін өзара әрекеттесудің барлық үйлестіруші механизмдерін пайдалану керек (атап айтсақ, «зондық топты», БРИК, ШОС форматтарында). Киото хаттамасын ұзартып қана қою тығырыққа тірейтін нұсқа екендігі және қазіргі кездегі ынтымақтастық архитектурасының толығымен жойылуына алып келетіндігі пікірін әрі қарай жалғастыру керек. Киото хаттамасының В қосымшасына кіретін елдер (дамушы елдер) Киото хаттамасының емес, жаңа келісім шеңберінде 2012 жылдан кейін өздерінің ниеттері туралы нақты мәлімдеулері қажет [7].

Көріп отырғанымыздай, халықаралық экологиялық ынтымақтастық саласында айтарлықтай шаралар жасалында, нәтижелері әртүрлі болғанымен, десек те, ынтымақтастық дамуда, ғаламдық экологиялық мәселелерді шешудің жаңа жолдарын табу қажеттілігі өзекті болып қала беруде.

Қорыта келгенде, халықаралық қатынастардың экологизациялануы – қажетті үдеріс. Осы

құбылыстың барлық аспектілерін зерттеп, жетістіктері мен сәтсіздіктерін сараптай келе, оның әрі қарай дамуын тоқтату мүмкін емес деген қорытынды айтуға болады. Оны тек уақытша кідіруге болады. Бірақ барлық адамзат үшін апатқа алып келу мүмкін кідірісті болдырмау үшін осы бағытта барлық мемлекеттердің және халықаралық қатынастардың басқа да акторлары: халықаралық ұйымдар, трансұлттық компаниялар, үкіметтік емес ұйымдарға жігерлік таныту қажет болып отыр. Сонымен қатар бұл мәселеде әлемдік қоғамдық пікір маңызды рөл ойнауы керек.

1. Декларация Конференции Организации Объединенных Наций по проблемам окружающей человека среды // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/decl_rathenv.shtml

2. Рио-де-Жанейрская декларация по окружающей среде и развитию // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/riodecl.shtml

3. Морозова В.Н. Мировая экологическая политика и международное экологическое сотрудничество. Воронежский Государственный Университет.-2007.- с.34

4. Йоханнесбургская декларация по устойчивому развитию // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/decl_wssd.shtml

5. Копенгагенское соглашение – начало пути. // http://www.un.org/ru/climatechange/copnhagen_accord.shtml

6. The Copenhagen Accord of 18 December 2009. // http://unfccc.int/files/meetings/cop_15/application/pdf/cop15_ph_auv.pdf

7. Стенограмма заседания «круглого стола» «Итоги Копенгагенской Конференции ООН по изменению климата: перспективы России» // http://iampdamid.ru/doc/stenograma_news16.doc

Данная статья рассматривает влияние экологического аспекта на современные международные отношения, историю международной экологической интеграции. Автор отмечает что, процесс экологизации международных отношений – это необходимость, вызванная объективным ходом истории.

This article considers the impact of the ecological dimension in contemporary international relations and the history of international ecological integration. The author emphasizes that the process of ecologization of international relations is a necessity caused by the objective course of history.